

**"Азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификаттау талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 маусымдағы № 676 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1767 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.11.2015 № 941 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификаттау талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 маусымдағы № 676 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 42, 548-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдарға қойылатын талаптар бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификаттау талаптарында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдарға қойылатын талаптар.»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдарға қойылатын талаптар (бұдан әрі – талаптар) «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен

қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдарға қойылатын талаптарды айқындайды.»;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«ЖЖМҚҰ көрсетілген жұмыстардың бір бөлігін жүзеге асырған жағдайда, онда ЖЖМҚҰ осы талаптарға сәйкес келетін ұйымдарды тартады.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Сапаның зертханалық бақылауын жүзеге асыру үшін ЖЖМҚҰ өз құрылымында ЖЖМ зертханасын құрады немесе осы талаптарға сәйкес келетін з е р т х а н а л а р д ы тартады.»;

6-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін ө з г е р м е й д і .

7-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы талаптарда белгіленген талаптар деңгейінде ЖЖМҚҰ-ның қызметін қ о л д а у д ы ; » ;

1 4 - т а р м а қ т а :

3) тармақшаның бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3) технологиялық жабдықтың нақты даналарының жұмыс істеуін және техникалық жай-күйін, жабдыққа арналған қондырғыларды және одан жинақтаушы және басқа да бұйымдардың алып тасталуын, жүргізілген жөндеулерді, кезеңдік техникалық қызмет көрсету мен бір реттік тексеріп қарауды есепке алуды жүзеге асырады.»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Есепке алу нысандары «Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымдарында авиациялық жанар-жағармай материалдары мен арнаулы сұйықтықтарды сақтаудың, құюға беруге дайындаудың және олардың сапасына бақылау жүргізудің қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 шілдедегі № 796 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымдарында авиациялық жанар-жағармай материалдары мен арнайы сұйықтықтарды сақтау, құюға дайындау және олардың сапасына бақылау жүргізу қағидаларында (бұдан әрі – Сақтау қағидалары) белгіленген журналдарда жүзеге асырылады.»;

23-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін ө з г е р м е й д і .

38-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«38. ЖЖМ резервуарларға түскеннен кейін Сақтау қағидаларының 10-тармағына сәйкес белгіленетін мерзім ішінде, оның тұндырылуы қамтамасыз е т і л е д і . » ;

40-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«ЖЖМ зертханасы көрсетілген жұмыстардың барлық кешенін де және оның бір бөлігін де орындайды. ЖЖМ зертханасы көрсетілген жұмыстардың бір

бөлігін жүзеге асырған жағдайда, ЖЖМҚҰ осы талаптарға сәйкес келетін зертханасы бар ұйымдарды тартады.»;

53-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«53. ЖЖМҚҰ ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей байланысты мынадай қызметкерлерді аттестаттауды қамтамасыз етеді:».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
С. Ахметов*